Техника қауіпсіздігі – кәсіпорында қауіпсіз еңбек жағдайын құруға бағытталған өндірістік жарақаттануды азайтуға немесе жоюға мүмкіндік беретін ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы іс-шаралар кешені. Бұл үшін қолданыстағы жабдықтардың, дұрыстығын, машиналардың, станоктардың, қыздыру қондырғыларындағы қорғаныш құрылғыларының дұрыстығын тексереді. Жұмыс орындары мен өндірістік үй-жайларды жақсы жарықтандыру, өндіру кезінде пайда болатын шаң-тозаң мен қалдықтарды уақтылы жою, үй-жайларда қалыпты температураны ұстау, жақсы желдету, жұмыс жағдайларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында оңтайландырады. Кәсіпорында еңбек қауіпсіздігі талаптарының орындалуына жауапты тұлғамен, кәсіпорындағы жалпы жұмысы және нақты жабдықтармен жұмысы кезінде нұсқама жүргізіледі, қауіпсіздік техникасы қағидалары бойынша қызметкерлерді оқытып, қауіпсіздік ережесі білімі тексеріледі. Сондай-ақ, кәсіпорындағы еңбекті қорғау, персоналды қауіпсіздік техникасы жөніндегі нұсқаулықпен, өндірісте ең қауіпті жұмыс орындары мен іс-әрекет бейнелеп, өндірістік жарақаттануды болдырмайтын плакаттармен суреттерді және көрнекі құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етуді қамтиды [1, 2].

Өндірістегі қызметкердің оның жұмысымен байланысты кез келген жазатайым оқиға тұрақты немесе уақытша еңбек қабілетін жоғалтқан немесе қайтыс болған.

Әрбір жазатайым оқиға туралы зардап шеккен адам немесе куәгер жұмыс берушіге немесе жұмыс ұйымдастырушыға дереу хабарлауға міндетті.

Жұмыс беруші немесе жұмыс ұйымдастырушы міндетті [1, 2]:

- зардап шеккен адамға алғашқы медициналық көмек көрсету және оны денсаулық сақтау ұйымына жеткізуді ұйымдастыруға;

- жазатайым оқиға орнын тергеп-тексеру басталғанға дейін сақтау, яғни оқиға болған сәтте жабдықтар мен механизмдердің, сондай-ақ еңбек құралдарының жай-күйін сақтап қалу (егер олар жұмыскерлер өмірі мен денсаулығына қауіп төндірмейтін болса, өндірістік процестің үздіксіздігі-

не зақым және аварияға әкелмейтін болса) және жазатайым оқиға орындарын суретке түсіру.

Арнайы тергеп-тексеруге:

1) ауыр немесе кісі өлімімен аяқталған жазатайым жағдай;

2) ауырлық дәрежесіне қарамастан бір мезгілде екі және одан да көп қызметкерлер зардап шеккен топтық жазатайым оқиғаларды;

3) қатерлі кәсіптік ауру (улану) топтық оқиғалары.

Жарақаттанудың жай-күйін талдау өзара бір-бірін толықтыратын әртүрлі әдістермен жүргізіледі. Ең көп таралған талдау жазатайым оқиға актілерін талдау негіздегі статистикалық және монографиялық әдістері болып табылады.

Өндірістік жарақаттануды талдау, өндірісте жарақат туындау заңдылықтарын анықтау және профилактикалық іс-шараларды тиімді әзірлеу мақсатында жүргізіледі [1].

Талдау барысында жарақат жағдайлардың себептері анықталуға тиіс, және олардың алдын алу іс-шаралары әзірленді.

Өндірістік жарақаттануды талдау үшін бес негізгі әдіс қолданады: статистикалық, монографиялық, экономикалық, физикалық және математикалық модельдеу әдісі [1].

Статистикалық әдіс жарақаттың себептерін құжаттар бойынша зерделеуге негізделген, олар жазатайым оқиғаларды тіркейді (жазатайым оқиға туралы актілер, жұмысқа жарамсыздығы жайында уақытша құжаттар), белгілі бір уақыт аралығында, кәсіптік ауруларды есепке алу карталарының деректері талданады, олар кәсіби ауру жағдайлары актілерін тексеру негізінде жасалды.

Бұл әдіс жарақаттанудың салалары бойынша бір кәсіпорынның, кәсіпорындардың, цехтардың, учаскелердің салыстырмалы динамикасын анықтауға мүмкіндік. Жарақат деңгейін бағалау үшін ауырлық және жиілік көрсеткіштеріне (коэффициенттеріне) қатысты пайдаланады.

Жарақаттанудың статистикалық талдауын тереңірек зерттеген кезде: жарақат белгілерін анықтау себептерінен басқа, сондай-ақ жазатайым жағдайлардың ағзаға әсер ету сипаты және талдау көздері бойынша; жұмыс түрлері немесе өндірістік операциялар бойынша; жарақаттану-

дың сипаты бойынша; зардап шеккендер (кәсібі, жұмыс өтілі, жынысы, жасы) туралы мәліметтер, оқиғаның уақыты (өзгерту айы, жұмыс күнінің уақыты) туралы деректер талданады. Алынған ақпарат зерттеушілерді өндірістік жағдайдың қауіптілігі туралы бағыттады және жеке қорғаныс құралдары әзірлеу мәселелерін, алдын алу іс-шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Жарақаттанудың деңгейі мен сырқаттанушылық өндірістегі техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғаудың жай-күйінің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Әр кәсіпорындарда жұмыскерлер саны әр түрлі болғандықтан ескерілген жарақаттану деңгейі мен динамикасын абсолюттік саны туралы айтуға мүмкіндік бермейді.

Жарақаттану және сырқаттануды дұрыс талқылау үшін салыстырмалы көрсеткіштерін пайдаланады: жиілік коэффициенттерін, жарақат ауырлығын және уақытша жұмысқа қабілетсіздігін.

Жарақаттану жиілігінің коэффициенті – есептік кезеңдегі жазатайым оқиғалардың саны жұмыс істейтін мың жұмыскерге алынады [1]:

$$K_n = 1000 \text{ H} / P, \quad (1)$$

мұндағы Н – жұмыс қабілетсіздігіне әкеп соққан, ескерілген жазатайым оқиғалар саны;
Р – есептік кезеңдегі жұмыскерлердің ортатізімдік саны.

Жиілік коэффициенті жарақат ауырлығын сипаттамайды. Бір кәсіпорында көп жағдайларында жарақат нәтижесі жеңіл болса, ал басқасында барлық жағдайлары ауыр болуы мүмкін. Сондықтан жарақаттанудың ауырлық коэффициенті енгізілген, зардап шеккеннің әрбір есептік кезеңде жоғалтқан жұмыс күндердің орташа саны (тоқсан, жарты жыл, жыл):

$$K_r = D / H, \quad (2)$$

мұндағы D – есептік кезеңдегі жазатайым оқиғалар салдарынан жоғалтқан жұмыс күндердің жалпы саны;
Н – жұмысқа қабілетсіздікке әкеп соққан жазатайым оқиғалардың ескерілген саны.

Жазатайым оқиғалар салдарынан жоғалған жұмыс істейтін 1000 адамға келетін еңбекке уақытша жарамсыз жұмыс күндерінің ескерілген санының коэффициенті:

$$K_n = 1000 \text{ D} / P \text{ немесе } K_n = K_n \cdot K_r, \quad (3)$$

мұндағы D – есептік кезеңдегі жазатайым оқиғалар салдарынан жоғалтқан жұмыс күндердің жалпы саны;
Р – есептік кезеңдегі жұмыскерлердің ортатізімдік саны.

Барлық жазатайым оқиғалар мен кәсіптік аурулардың себептерін алдын алу жүйесі тек оларды терең және жан-жақты талдау негізінде болуы мүмкін. Сонымен қатар өндірісте жарақат алу себептері алуан түрлі [1].

ТКЖЖ зауытында өндірістік жарақаттануды талдау кестеде көрсетілген [2].

Кәсіптік ауру деп, жұмысшыға оның жұмыс ерекшелігіне байланысты зиянды өндірістік факторлар әсерінен туындауы мүмкін ауруды айтады.

Кәсіби аурудың алдын алу жұмыс орындарында және жұмыс аймақтарында сауықтыру және ауа ортасының режимнің орындалуына, өндірістік гигиена және жұмысшының жеке қауіпсіздігінің жалпы жай-күйін жақсартуға бағытталған техникалық және ұйымдастырушылық іс-шаралар кешенінің орындаумен қол жеткізіледі [1, 2].

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу жолдары: механикаландыру, автоматтандыру және құрал-жабдықтар мен процестерді қашықтықтан басқару, роботтар қолдану; адамның өндірістік ортадағы еңбек жағдайларына бейімделуі; біліміне сәйкес адамдарды кәсіби іріктеу; еңбекті қорғауға оң қарым-қатынасты тәрбиелеу; мадақтау және ынталандыру жүйесі, тәртіптік ықпал ету шаралары, ЖҚҚ қолдану және т.б.; қауіпсіз техника, машиналар мен технологиялар, қорғау құралдары мен айлабұйымдарды жасау, оларды өндірістік орта параметрлеріне оңтайландыру.

Еңбек жағдайлары деп, өндірістік орта мен еңбек процесі факторларының жиынтығын, адамның жүзеге асырылатын қызметін түсінеді.

Еңбек гигиенасы – ол еңбек жағдайы мен сипатын, олардың адам денсаулығына және функционалдық жағдайына әсерлерін және өндірістік орта факторларының зиянды және қауіпті ықпалдарының және жұмыс істейтіндердің еңбек процестеріне бағытталған ғылыми әзірленетін негіздерін және іс-жүзіндегі шараларды зерттейтін гигиена бөлімі.

Белгілі бір жағдайларда қызметкердің өндірістік жарақат алуы мүмкін өндірістік орта-

2016-2018 ж. жарақаттану бойынша мәліметтер

Жылдар	2016	2017	2018
Жазатайым оқиғалардың саны	1	-	-
Ауыр жазатайым оқиғалардың саны	1	-	-
Өлімге әкелген жазатайым оқиғалардың саны	0	0	0
Жұмысшылар саны	1050	1000	1000
Еңбекке жарамсыздық күндерінің саны	51	-	-

ның факторын қауіпті өндірістік фактор деп атай бастады, ал белгілі бір жағдайларда қызметкердің кәсіби ауруға шалдығуы мүмкін өндірістік ортаның факторын зиянды өндірістік фактор деп айтады.

Еңбек жағдайлары 4 классқа бөлінеді: оңтайлы, рұқсат етілетін, зиянды және қауіпті.

Оңтайлы еңбек жағдайлары (1-класс) – жұмыскердің денсаулығы мен жұмыс қабілетінің жоғары деңгейінің сақталуы үшін алғышарт жасалатын еңбек жағдайлары. Жұмыс орнындағы микроклиматтық параметрлер мен жұмыс жүктемелерінің факторлары үшін белгіленген оңтайлы факторлардың нормативі. Басқа факторлар үшін шартты түрде мұндай оңтайлы еңбек жағдайлары ретінде зиянды факторлар жоқ, немесе тұрғындар үшін қауіпсіз деңгейінен аспайды деп қабылданған.

Рұқсат етілген еңбек жағдайы (2-класс) жұмыс орындар үшін белгіленген, гигиеналық нормативтерден аспайтын еңбек процесі мен орта факторларының деңгейлерімен сипатталады және организмнің функционалдық жағдайының болуы мүмкін өзгерістері регламенттелген демалыс кезінде немесе келесі ауысым басында қалпына келтіріледі және жұмысшылар мен олардың ұрпақтарының денсаулық жағдайына таяу және алыстағы кезеңде қолайсыз әсер етпеуі тиіс. Рұқсат етілген еңбек жағдайы шартты түрде қауіпсіз болып келеді.

Зиянды еңбек жағдайы (3-класс) қызметкерлерінің және (немесе) оның ұрпақтарының организмне жағымсыз ықпал ете алатын және гигиеналық нормативтерден асатын зиянды факторлармен сипатталады. Зиянды еңбек жағдайлары гигиеналық нормативтерден асып кету дәрежесі және қызметкерлердің организм өзгерістерінің айқындылығы бойынша 4 зияндылық дәрежесіне бөлінеді:

3-кластың 1-дәрежесі (3.1) – еңбек жағдайлары функционалдық өзгерістерді тудыратын, әдетте, ұзақ уақыт бойы (келесі ауысым басына

дейін емес) зиянды факторлармен қатынасын үзгенде қалпына келтірілетін және денсаулықтың зақымдану тәуекелін арттыратын, зиянды факторлардың деңгейлерінің гигиеналық нормативтерден ауытқуымен сипатталады.

3-кластың 2-дәрежесі (3.2) – зиянды факторлардың деңгейлері тұрақты функционалдық өзгерістер тудыратын, көптеген жағдайларда негізделген кәсіби аурулардың ұлғаюына әкелетін (уақытша еңбекке жарамсыздық пен сырқаттанушылықтың деңгейінің артуымен көрінетін, және ең алдымен, осы факторлар үшін ең осал мүшелер мен жүйелердің сол жағдайларын көрсетеді), ұзақ экспозициядан кейін пайда болатын (жиі 15 және одан да көп жыл) кәсіби аурулардың бастапқы немесе жеңіл (кәсіби жұмысқа қабілеттілігін жоғалтпау) белгілерінің туындауына әкелетін еңбек жағдайлары.

3-кластың 3-дәрежесі (3.3) – еңбек қызметі кезінде жеңіл және орташа дәрежедегі кәсіби аурулардың (кәсіби жұмысқа қабілеттілігін жоғалтумен) дамуына, созылмалы (өндірістік шартталған) патология өсуіне әкеп соқтыратын еңбек орта факторларының дәрежесімен сипатталатын еңбек жағдайлары.

3-кластың 4-дәрежесі (3.4) – кәсіптік аурулардың ауыр формалары туындауы мүмкін (жалпы жұмысқа қабілеттілігін жоғалту), созылмалы аурулар санының өсуі байқалатын, уақытша еңбекке жарамдылық пен сырқаттанушылықтың жоғары деңгейі кезіндегі еңбек жағдайы [2, 3].

Қорытынды. Кәсіпорында еңбек қауіпсіздік талаптарының орындалуы мен оңтайлы еңбек жағдайларын ұйымдастыру маңыздылығы қарастырылды. Өндірістегі жарақаттануды саралау барысында жазатайым оқиғаның себебептері анықталып, оның алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылды. Кәсіпорында қауіпсіздік ережесі нұсқаулығын, техника қауіпсіздігін үнемі есте сақтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. – Астана, 23.11.15. №.414-V ҚРЗ (2017 ж. 1 қаңтарда өзгертіліп, толықтырылған).
2. Сапарова Г.К. Еңбекті қорғау: Оқу құралы / Г.К. Сапарова; Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2011. – 75 б.
3. Аманбаев Д.А., Смағұлов З.М., Обухов Ю.Д. Өндірісте еңбек қорғау негіздері: Оқу құралы. Қарағанды. ҚарМТУ, 2010. – 205 б.

М.Б. НУРПЕИСОВА¹, д.т.н., профессор,
Н.С. ДОНЕНБАЕВА¹, докторант,
А.З. КАПАСОВА², к.т.н., ст. преподаватель,
Ө. СӘБДЕНБЕКҰЛЫ², д.т.н., профессор,

¹Казахский национальный исследовательский технический университет
 им. К.И. Сатпаева, г. Алматы, кафедра МДиГ,

²Карагандинский государственный технический университет, кафедра МДиГ

Исследование закономерностей геомеханических процессов при комбинированной разработке месторождения Акжал

Ключевые слова: геомеханические процессы, массив горных выработок, математическая модель, сдвигание, устойчивость, горизонтальные сдвигания.

В отечественной и зарубежной практике ведения горных работ все более широкое применение находит комбинированная разработка месторождений полезных ископаемых, предусматривающая совмещенное одновременное или последовательное ведение открытых и подземных горных работ на одном месторождении и обеспечивающая более полное извлечение и охрану недр с меньшими затратами на добычу минерального сырья и снижение вредного влияния на окружающую природную среду.

Одним из таких предприятий является «Nova-Цинк», которое разрабатывает свинцово-цинковое месторождение Акжал в субширотном направлении на 5-5,5 км. Ширина рудовмещающей «ленты» (полосы) изменяется от 50-100 до 300-350 м.

В настоящее время горные работы ведутся карьером «Центральный», максимальная глубина которого достигает 275-280 м и подземным способом – рудником Акжал. Горно-добычные работы на Восточном карьере прекращены в 2005 г. Согласно принятому проекту с 2016 г. месторождение Акжал разрабатывается подземным способом. Пройден транспортный штрек (гор. +545 м.) между карьерами от «Восточного» участка с гор. 578 м до «Центрального» на гор. 535 м. На руднике вскрывается еще одна горно-капитальная выработка (гор. +505).

Технологическая связь открытых и подземных горных выработок приводит к взаимодействию геомеханических процессов, вследствие чего возникают положительные и негативные явления, среди которых можно выделить выполаживание углов откосов при подработке последних подземными выработками, снижение устойчивости подземных выработок при взрывной отбойке горной массы в открытых выработках и др.

В связи с этим на руднике Акжал с 2017 года проводится геомеханический мониторинг за состоянием массива горных пород, заключающийся в съемке подземных выработок лазерным сканером с получением трехмерной модели существующей горной выработки различными методами сканирования, в закладке подземной наблюдательной станции с периодичным отслеживанием за движением подземной выработки, результаты которых были необходимы для сравнения с выполненными расчетами горного давления по физико-механическим свойствам залегающих пород, и оценке состояния горного массива в окрестностях горных выработок и очистного пространства [1, 2].

Для обеспечения эффективной и безопасной разработки месторождений полезных ископаемых при комбинированном способе разработки актуальным является решение следующих геомеханических задач:

- 1) анализ существующих и разработка новых технологических схем комбинированной разработки рудных тел;
- 2) натурные исследования закономерностей сдвига горных пород и образования провалов; определение размеров устойчивого барьерного целика между открытыми и подземными выработками;
- 3) исследование влияния внутренних отвалов на устойчивость подземных выработок;
- 4) математическое моделирование для установления закономерностей взаимодействия геомеханических процессов;
- 5) создание базы данных и знаний геомеханических процессов.

Кафедрой «Маркшейдерское дело и геодезия» КазНТИУ имени К.И. Сатпаева с 2002 года ведется исследование по наблюдению за устойчивостью

бортов карьера. Ранее проведенный цикл исследований образцов пород (Средазнипроцветмет, 1980 г.; КазНТУ, 2002-2008 гг.; ТОО «Геосервис», 2010 г.; КарГТУ, 2012 г.; Казгипроцветмет, 2013 г.) по установлению прочностных и деформационных характеристик рудного и породного материалов позволил получить основные расчетные показатели физико-механических свойств руд и пород рудника Акжал [3].

Дополнительно проведенные исследования показали, что с глубиной не наблюдается существенного изменения количественных характеристик.

В настоящее время практически во всех отраслях применяются новые технологии для выполнения топографо-геодезических работ. При постоянном стремлении к повышению производительности и сокращению штата маркшейдерского отдела, требования к скорости и качеству, а также безопасному ведению измерительных работ возрастают. Одним из реальных примеров внедрения лазерного сканирования является опыт работы на руднике ТОО «Nova-Цинк» сканером CMS MINEi при исследовании НДС массива в вертикальных, горизонтальных и очистных горных выработках (рисунок 1).

Система MINEi – это надежная, быстрая, беспроводная система, позволяющая проанализировать пустоты по вертикали или под уклоном. Система обеспечивает безопасность горняков и увеличение производительности горных работ.

Лазерный сканер оснащен двумя марками для привязки сканирующей головки к координатной сетке рудника. Опробованы методы: «сканирование транспортного штрека штативным методом»,

«короткие сканерные ходы в орты» и «заглядывание в очистное пространство штанговыми методами» (рисунок 2). Привязка была выполнена безотражательным электронным тахеометром.

Первоначальная обработка данных до получения облака точек выполнялась нами в программе SURPAC (рисунок 3). Далее проводился экспорт облака точек в открытый текстовый формат.

Для оценки параметров деформационных процессов в горных выработках, закрепленных анкерной крепью и произведен анализ исходной горно-геологической и горнотехнической информации в горных выработках. С целью установления закономерностей деформирования приконтурного массива вблизи выработок, закрепленных анкерной крепью, на руднике заложена подземная наблюдательная станция, состоящая из 34 реперов [4].

Анализ результативного облака точек 3D-модели выполнялся путем построения серии сечений изучаемой полости и формирования документов этих сечений (обычно в форматах AutoCAD). Выбор локальной системы координат для оптимального вида проекции выполняется интерактивно путем поворотов и визуального анализа 3D-модели объекта.

Для выявления влияния внутренних отвалов на устойчивость подземных выработок и для установления закономерностей взаимодействия геомеханических процессов проведено их математическое моделирование (3,4 этапы задач).

Методы математического моделирования широко применяются в научных исследованиях для изучения геомеханических процессов при открытой и подземной разработке месторождений




Рисунок 1 – Работа лазерным сканером MINEi в подземных условиях




Рисунок 2 – Методы привязки сканирующей головки к координатной сетке рудника




Рисунок 3 – а – поворот сечения штрека; б – сечение с координатами наблюдательной марки

полезных ископаемых [5, 6.]. Для решения дифференциальных уравнений горной геомеханики используются численные методы конечных разностей, граничных и конечных элементов.

Целью математического моделирования было установление закономерностей распределения смещений, деформаций и напряжений в массиве горных пород в зоне взаимного влияния открытых и подземных горных выработок. При моделировании использовалась программа Examine2D Канадской компании RocScience.

В качестве исходных данных была принята топология горных выработок Акжалского карьера и подземного участка. Верхнюю часть рудного тела обрабатывали открытым способом, нижнюю – подземным. В процессе моделирования варьировались следующие параметры: угол падения рудных тел – 85-88°; мощность рудных жил – 0,5 м; коэффициент крепости $f=10-15$, предел прочности рудного тела и вмещающих пород – 60-107 МПа, плотность – 2,72-2,74 т/м³.

На рисунке 4 показаны изолинии вертикаль-

ных смещений пород при наработке их траншеей. Из графиков следует, что после отработки траншеи происходит разгрузка (поднятие) массива горных пород на расстоянии $0,8H$ ниже дна траншеи, где H – глубина траншеи. Поднятие земной поверхности отмечено на расстоянии до $0,6H$ от бровки траншеи.

Наибольшее влияние открытая горная выработка оказывает на горизонтальные смещения (рисунок 5). Согласно графикам распределение горизонтальных смещений асимметрично относительно оси траншеи по величине и месту расположения максимумов горизонтальных смещений. Рудное тело является аккумулятором горизонтальных сжимающих деформаций и напряжений.

Кроме этого, было изучено влияние тектонических разломов, внутрикарьерных отвалов и др. на подземные горные выработки. В северной части транспортного коридора между 10 и 18 профилями на месторождении Акжал проходит тектонический разлом. Рассчитано и смоделировано

влияние этого разлома на подземную разработку (рисунок 6).

Внутри карьера расположен отвал, длина которого 1000 м, ширина 250 м и весом 21,0 млн тонн. Между внутрикарьерным отвалом и транспортным штреком толщина целика колеблется в пределах 45-80 м. Сечение штрека 15 м², крепление анкерное с сеткой рабица.

Для расчета горного давления была использована программа Examine2D от канадской компании RocScience со следующими параметрами: коэффициент Пуассона 0,2; модуль Юнга 90,1-94,76; плотность 2,7 т/м³. Так как указанная программа не учитывает вес отвала, давление отвала добавлено вручную (3 МПа).

На рисунке 6,а показано давление на борт и дно карьера и на рисунке 6,б – вероятное влияние разлома, проходящего недалеко от выработки. На рисунке 7 показан коэффициент запаса

устойчивости.

По результатам моделирования установлено, что приведенные на рисунках 4 и 5 закономерности подтверждаются в широком диапазоне изменения геологических и технологических параметров. Следовательно, подземная горная выработка, расположенная ниже горизонта дна траншеи, должна испытывать повышенные горизонтальные напряжения сжатия, а вертикальные – могут быть растягивающими [7].

Установленные закономерности полностью подтвердились после имитации проведения подземной выработки ниже горизонта дна траншеи (рисунок 6,а). Как следует из рисунка 4, проведение штрека не изменяет существенно характер распределения величин поднятий массива горных пород, расположенных ниже дна траншеи. Наибольшую опасность для устойчивости выработки представляют горизонтальные смещения.




Рисунок 4 – Изолинии вертикальных смещений в окрестности траншеи и подземных выработок, в мм




Рисунок 5 – Изолинии горизонтальных смещений в окрестности траншеи и подземных выработок, в мм




Рисунок 6 – а – давления на борт и дно карьера; б – влияние разлома на выработку




Рисунок 7 – Коэффициент запаса устойчивости

При выборе типа и конструкции крепи подземной горной выработки следует проектировать усиление элементов крепи в направлении, перпендикулярном напластованию.

Выводы:

1. Современные методы ведения горных работ требуют и инновационного маркшейдерского обеспечения, т.е. использование системы GPS, лазерных и автоматизированных электронных та-

хеометров и современного комплекса программного обеспечения, позволяющих выполнять маркшейдерские работы качественно и быстро, экономя таким образом время и средства.

2. Проведен первый этап геомеханического мониторинга за состоянием массива горных пород (закладка подземной станции) путем использования инновационных методов (электронная тахеометрия и лазерно-сканирующая техноло-

гия) съемки с получением 3D моделей объектов.

3. Массив горных пород в зоне влияния траншеи испытывает поднятие и интенсивные горизонтальные смещения в сторону участков рудных тел, расположенных ниже дна траншеи, а подземная горная выработка находится в зоне повышенного горизонтального давления, и при выборе

типа и конструкции крепи рекомендуется учитывать величину горизонтальных напряжений.

4. Массив Акжалского месторождения относится к первой и второй категориям устойчивости, что и предопределило возможность и целесообразность применения системы с принудительным обрушением залежей.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Экологическая и промышленная безопасность освоения недр. Коллективная монография. – Алматы: КазННТУ, 2017. – 480 с.
2. Геотехнические исследования устойчивости горных пород и выдача рекомендаций по управлению горным давлением при проходке вертикальных, горизонтальных горных выработок и отработке рудных тел месторождения Акжал: Отчет о НИР по теме №486/17. – Алматы: КазННТУ, 2017. – 102 с.
3. Нурпеисова М.Б., Милетенко Н.А., Доненбаева Н.С. Исследование взаимосвязи между свойствами пород и глубиной их залегания // Маркшейдерский вестник. 2019. № 5.
4. Нурпеисова М.Б., Доненбаева Н.С., Капасова А.З. Геомеханикалық мониторинг жүргізудің инновациялық әдістері // Горный журнал Казахстана. 2018. № 126. С. 20-25.
5. Черный Г.И. Устойчивость подрабатываемых бортов карьеров. – М.: Недра. 1980. – 216 с.
6. Пучков Л.А., Михеев О.В., Атрушкевич В.А. Исследование закономерностей геомеханических процессов при взаимном влиянии открытых и подземных горных выработок // Научные школы МГГУ, Том 1. 2008. – С. 187-191.
7. Технические рекомендации по управлению горным давлением и безопасному ведению горных работ при отработке рудных тел месторождения Акжал. – Алматы: КазННТУ, 2017. – 24 с.

А.Т. ОРАЛОВА¹, к.х.н., доцент, кафедра ХиХТ,
Е.А. ЦЕШКОВСКАЯ¹, ст. преподаватель, кафедра РАиОТ,
В.В. МАТОНИН², заместитель директора,
В.С. КОСАЧ², руководитель отдела,
Н.К. ЦОЙ¹, к.т.н., ст. преподаватель, кафедра РАиОТ,
¹Карагандинский государственный технический университет,
²ТОО «ЭКОЭКСПЕРТ»

Мониторинг состояния атмосферного воздуха г. Балхаш и разработка предложений по целевым показателям качества окружающей среды

Ключевые слова: мониторинг, атмосферный воздух, Балхаш, целевые показатели качества окружающей среды.

Понятие целевых показателей качества окружающей среды установлено законодательно в Экологическом кодексе Республики Казахстан (ЭК РК) [1]. Согласно статье 24 ЭК РК, данные показатели могут устанавливаться для отдельных территорий, в том числе для селитебной территории, особо охраняемых природных территорий, рекреационных зон. Кроме того, нормирование эмиссий в окружающую среду должно проводиться только с учетом целевых показателей того или иного района, области, территории.

Целевые показатели качества окружающей среды регулируют предельный уровень нормируемых параметров окружающей среды на определенный период времени с учетом необходимости постепенного улучшения качества окружающей среды.

Мониторинг состояния окружающей среды является одним из необходимых этапов работ по установлению целевых показателей качества окружающей среды и разработке мероприятий с целью их достижения.

Базовой составляющей целевых показателей является, прежде всего, анализ сложившейся ситуации, который проводится на основе отбора проб, лабораторных исследований, анализа экологической ситуации в исследуемом регионе.

Целью работы являются анализ и оценка состояния атмосферного воздуха в городе Балхаш и разработка рекомендаций по установлению целевых показателей качества окружающей среды исследуемой территории с целью улучшения ее экологического состояния.

Основными задачами являются:

- проведение мониторинговых наблюдений загрязнений атмосферного воздуха г. Балхаш путем отбора и анализа проб воздуха на содержание в них ряда загрязняющих веществ;

- разработка рекомендаций по установлению целевых показателей качества окружающей среды.

Отбор проб проводился в жилых микрорайонах, рядом с детскими (школы) или лечебными (больницы) заведениями, с таким расчетом, чтобы охватить части города, в которых не проводятся стационарные замеры РГП «Казгидромет». Замеры проводились согласно [2] на маршрутных постах. Всего проведено 72 замера. Испытания проводились с использованием газового анализатора ГАНК-4.

Для проведения измерений были выбраны вещества, которые являются самыми распространенными загрязнителями в современных городах с угольной теплоэнергетикой, развитой автодорожной сетью, а также с учетом расположения в исследуемом районе крупного горно-металлургического предприятия. При этом данные загрязнители являются опасными с точки зрения рисков для здоровья населения.

Состояние атмосферного воздуха оценивалось по содержанию в нем следующих загрязняющих веществ: взвешенные частицы (пыль), диоксид серы, диоксид азота, оксид углерода, фенол, сероводород, аммиак, озон.

Карта-схема расположения точек наблюдения представлена на рисунке 1.

В таблице 1 представлены координаты точек наблюдения.

Для обеспечения максимальной точности результатов мониторинга замеры проводились три раза в сутки: утром, днем и вечером. Затем высчитывалась среднесуточная концентрация загрязняющего вещества и определялась его максимальная суточная концентрация.

Результаты проведенных исследований представлены в таблице 2.



Рисунок 1 – Карта-схема расположения точек замера проб воздуха в городе Балхаш

Таблица 1 – Координаты точек наблюдения

№ п/п	Адрес	Координаты	
1	Ул. Каменде-би – ул. Мусиных	46.844215	74.997140
2	Ул. Ленина – ул. Агыбай Батыра	46.838861	74.974079
3	Ул. Комсомольская	46.847570	74.963171

В таблице 3 показан сравнительный анализ полученных данных по мониторингу состояния атмосферного воздуха в городе Балхаш с установленными нормативными данными [3].

На рисунке 2 показаны доли ПДК загрязняющих веществ, поступающих в атмосферный воздух.

Анализ данных показывает, что превышение среднесуточной предельно допустимой концентрации наблюдается по двум веществам: диоксид серы и озон. По диоксиду серы превышение наблюдается по ул. Комсомольская и составляет $4,17 \times \text{ПДК}_{\text{ср.с.}}$, а также по ул. Ленина – ул. Агыбай

Батыра со значением $1,22 \times \text{ПДК}_{\text{ср.с.}}$. По озону превышение составляет $1,19 \times \text{ПДК}_{\text{ср.с.}}$ и $1,22 \times \text{ПДК}_{\text{ср.с.}}$ по ул. Ленина – ул. Агыбай Батыра и ул. Караменде-би – ул. Мусиных соответственно.

Превышение концентрации над значением максимально разовой предельно допустимой концентрации наблюдается только по диоксидам серы и составляет $1,13 \times \text{ПДК}_{\text{м.р.}}$ по ул. Караменде-би – ул. Мусиных.

Можно предположить, что превышение содержания диоксида серы имеет антропогенный характер и связано с деятельностью Балхашского горно-металлургического комбината – крупно-

Таблица 2 – Результаты исследования качества атмосферного воздуха в г. Балхаш

Наименование ЗВ	Концентрация в точках наблюдения, мг/м ³								
	ул. Каменде-би – ул. Мусиных			ул. Ленина – ул. Агыбай Батыра			ул. Комсомольская		
	утро	день	вечер	утро	день	вечер	утро	день	вечер
Пыль	0,1483	0,0243	0,0815	0,0242	0,0242	0,0219	0,02095	0,0153	0,0214
Серы диоксид	0,1587	0,0109	0,01322	0,0097	0,0111	0,01	0,5674	0,0477	0,00988
Азота диоксид	0,0235	0,006	0,0249	0,00358	0,00614	0,01	0,00316	0,00348	0,00347
Углерода оксид	0,8285	1,02	1,42	0,857	0,887	1,21	0,8885	1	0,857
Фенол	0,00192	0,00173	0,00148	0,00184	0,00174	0,00184	0,0021	0,00275	0,00207
Сероводород	0,00533	0	0,00144	0,0003	0	0	0	0,0003	0
Аммиак	0,00553	0,0497	0	0,0011	0	0	0,0005	0	0
Озон	0,03	0,036	0,041	0,028	0,031	0,051	0	0	0,042

Таблица 3 – Сравнительный анализ данных по мониторингу состояния атмосферного воздуха в городе Балхаш

Точка наблюдения	Наименование ЗВ	Параметр, мг/м ³					
		С _{ср.с.}	С _{м.р.}	ПДК _{ср.с.}	ПДК _{м.р.}	доля ПДК _{ср.с.}	доля ПДК _{м.р.}
ул. Каменде-би – ул. Мусиных	Пыль	0,0847	0,1483	0,15	0,5	0,56	0,30
	Серы диоксид	0,06094	0,1587	0,05	0,5	1,22	0,32
	Азота диоксид	0,018133	0,0249	0,04	0,2	0,45	0,12
	Углерода оксид	1,0895	1,42	3	5	0,36	0,28
	Фенол	0,00171	0,00192	0,003	0,01	0,57	0,19
	Сероводород	0,002257	0,00533		0,008		0,67
	Аммиак	0,01841	0,0497	0,04	0,2	0,46	0,249
	Озон	0,035667	0,041	0,03	0,16	1,19	0,26
ул. Ленина – ул. Агыбай Батыра	Пыль	0,023433	0,0242	0,15	0,5	0,16	0,05
	Серы диоксид	0,010267	0,0111	0,05	0,5	0,21	0,02
	Азота диоксид	0,006573	0,01	0,04	0,2	0,16	0,05
	Углерода оксид	0,984667	1,21	3	5	0,33	0,24
	Фенол	0,001807	0,00184	0,003	0,01	0,60	0,18
	Сероводород	0,0001	0,0003		0,008		0,04
	Аммиак	0,000367	0,0011	0,04	0,2	0,01	0,006
	Озон	0,036667	0,051	0,03	0,16	1,22	0,32
ул. Комсомольская	Пыль	0,019217	0,0214	0,15	0,5	0,13	0,04
	Серы диоксид	0,208327	0,5674	0,05	0,5	4,17	1,13
	Азота диоксид	0,00337	0,00348	0,04	0,2	0,08	0,02
	Углерода оксид	0,915167	1	3	5	0,31	0,20
	Фенол	0,002307	0,00275	0,003	0,01	0,77	0,28
	Сероводород	0,0001	0,0003		0,008		0,04
	Аммиак	0,000167	0,0005	0,04	0,2	0,00	0,003
	Озон	0,014	0,042	0,03	0,16	0,47	0,26

Примечание: в таблице жирным шрифтом выделены точки, в которых наблюдается превышение ПДК по содержанию загрязняющих веществ.








Рисунок 2 – Доли ПДК загрязняющих веществ, поступающих в атмосферный воздух

го промышленного предприятия на территории г. Балхаш.

Превышение содержания озона в приземном слое атмосферы, по-видимому, носит фотохимический характер, когда образование озона происходит через сложную систему реакций с обязательным участием оксидов азота (оксида NO и диоксида NO₂) [4]:



В случае образования озона из монооксида углерода происходят следующие реакции:



где M – какая-либо третья молекула.

В любом случае приземный озон является вторичным газом, то есть возникновение его провоцируется контактом солнечных лучей и разнообразных летучих соединений, выработка которых ведется транспортными средствами, котельными, где используется ископаемое горючее.

Полученные результаты представляют интерес не только для проведения комплексной оценки состояния воздушного бассейна исследуемой территории, но и являются основой для определения целевых показателей качества окружаю-

щей среды.

Рекомендации по установлению целевых показателей качества окружающей среды следующие: в течение нескольких лет довести содержание диоксида серы и озона на территории г. Балхаш до значений, не превышающих норматив предельно допустимых концентраций.

В план мероприятий по достижению рекомендуемых целевых показателей могут входить, в том числе, такие меры, как:

- снижение выбросов от предприятий;
- снижение выбросов от автотранспорта;
- оптимизация инфраструктуры автомобильных стоянок и транспортного движения на территории города;
- совершенствование системы экологического мониторинга.

Таким образом, анализ 72 проб атмосферного воздуха выявил такие экологические проблемы, как превышение в них на территории некоторых районов г. Балхаша содержания диоксида серы и азота.

На основании полученных результатов экологического мониторинга разработаны рекомендации по целевым показателям качества атмосферного воздуха и предложены мероприятия по достижению рекомендуемых целевых показателей.

Кроме того, результаты исследования позволят в дальнейшем оптимизировать систему мониторинга в г. Балхаш, определив приоритетные участки его осуществления.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Экологический Кодекс РК от 9 января 2007 года. № 212 / Ведомости Парламента Республики Казахстан, 2007 г., № 1, ст. 1 // Казахстанская правда от 23 января 2007 года № 12 (25257).
2. РД 52.04.1.186-89 Руководство по контролю загрязнения атмосферы.
3. Гигиенические нормативы к атмосферному воздуху в городских и сельских населенных пунктах. Утверждены приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 28 февраля 2015 года № 168. – Информационно-правовая система «Әділет» 23.06.2015 г.
4. Звягинцев А.М., Кузнецова И.Н. Формирование уровней озона в приземном воздухе. – Второе международное совещание-семинар «Проблемы мониторинга приземного озона и пути нейтрализации его вредного влияния». – Таруса, 2012. – С. 19-33.

ЭОЖ 624.154.1

Н.Т. АЛИБЕКОВА, PhD, доцент,
С.Б. АХАЖАНОВ, PhD докторанті,
Б. МАҚСҰТХАН, магистрант,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Бұрғыланып толтырылған қадалардың көтеру қабілеттілігін анықтау әдістері

Кілт сөздер: көтеру қабілеттілігі, бұрғыланып толтырылған қадалар, статикалық сынау, статикалық зондтау, динамикалық зондтау, сенімділік коэффициенті.

Кіріспе

Жобалау тәжірибесі кезінде салынатын ғимарат пен үймереттің негізінің үстіңгі бөлігінде осал топырақтың қалыңдығы үлкен болған жағдайда қадалы іргетастарды қолдану қажет болады. Біздің елімізде қағылатын қадалар үшін негіз топырағының кедергісі мәселесі бойынша көптеген зерттеулер жасалған, ал бұрғыланып толтырылған қадаларға мұндай зерттеу материалдары әлдеқайда аз жүргізілген. Топырақтағы қадалы іргетастардың жұмысын зерттеу келесі авторлар еңбектерінде кездеседі [1, 2].

Бұрғыланып толтырылған қадаларды орнату жұмыстары, құбыр ішінде бұрғыланған ұңғыманы бетондау барысында, құбырды жоғары қарай көтеру кезеңдерімен белгіленеді. Мұндай жағдайда, бетон құлап түсетін жүкпен тығыздалады,

нәтижесінде ұңғыма кеңейіп айналасындағы топырақтың тығыздалуын туғызады. Ұңғымадағы бетон қоспасының және қада маңындағы топырақтың тығыздалуы бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілетін арттырудың бір жолы болып табылады.

Қадалардың топырақпен өзара әрекеттесуі күрделі мәселе болып табылады және қадалы іргетастарды орнату топырақта болған үдерістерге байланысты болады. Бұл үдерістер қадалы іргетастардың шөгуді мен көтеру қабілетіне әсер етеді, есептеулердің дәлдігі және қадаларды пайдаланудың экономикалық тиімділігі негізінен оларды дұрыс есепке алуға байланысты. Қадалы іргетастарды орнату кезіндегі топырақта кездесетін үдерістер қадалар түріне, топырақтың жағдайына, қадаларды жасау мен батыру технологиясына

және т.б. тәуелді болады.

Қадалардың көтеру қабілеттілігін анықтаудың қолданыстағы әдістері екі негізгі топқа бөлінеді:

1) шектік тепе-теңдік теориясын, серпімділік теориясын және топырақтың сызықты деформациялану үлгілерін қолданатын аналитикалық әдістер;

2) зондтауды (статикалық және динамикалық), қадаларды статикалық және динамикалық сынауды, эталондық қадалармен топырақтарды сынауды, прессиометриялық сынақтарды қамтитын далалық сынақтарға негізделген тәжірибелік әдістер.

1. Бұрғыланып толтырылған қадалардың көтеру қабілеттілігін анықтаудың аналитикалық әдістері

Қадалы іргетастарды жобалау кезінде анықтаудың негізгі өлшемі болып аналитикалық және тәжірибелік (табиғи) әдістермен анықталатын қаданың ұзындығы мен көтеру қабілеттілігі табылады. Аналитикалық әдіспен қаданың көтеру қабілеттілігін бағалау кезінде шектік күйдің екі тобы бойынша есептеу жүзеге асырылады: көтеру қабілеті бойынша (I-топ), бұл жағдайда қадаға әсер ететін шекті жүктеме табылады; деформациялар бойынша (II-топ), шөгуге тәуелді қадаға әсер ететін жүктеме анықталады.

Жұмысты жобалау кезеңінде бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігін анықтау әдісі кеңінен қолданылады және келесі формула бойынша табылады [3]:

$$F_d = \gamma_c (\gamma_{cr} R A + u \sum \gamma_{cf} f_i h_i), \quad (1)$$

мұнда γ_c – топырақтағы қада жұмысы шартының коэффициенті; γ_{cr} – қаданың төменгі ұшындағы топырақ жұмысы шартының коэффициенті; R – қаданың төменгі ұшындағы топырақтың есептеу кедергісі, кПа; A – қаданың тірелу ауданы, м²; u – қада ұңғысының көлденең қимасының периметрі, м; γ_{cf} – ұңғыманың қалыптасу тәсілі мен бетондау жағдайына байланысты қаданың бүйір бетіндегі топырақтың жұмыс шартының коэффициенті; f_i – қада ұңғысының бүйір бетіндегі топырақтың i -ші қабатының есептеу кедергісі, кПа; h_i – қаданың бүйір бетімен жанасатын топырақтың i -ші қабатының қалыңдығы, м.

Енді осы (1) формуланы қолданып, ұзындығы $l=15$ м, диаметрі $d=800$ мм төменгі ұшы таутасты топыраққа тірелген бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігін есептеп көрейік:

$$\gamma_c = 1; \gamma_{cr} = 1; \gamma_{cf} = 0.8; A = \pi R^2 = 3.14 \cdot 0.4^2 = 0.5024 \text{ м}^2; u = \pi \cdot d = 3.14 \cdot 0.8 = 2.512 \text{ м}.$$

Қаданың төменгі ұшындағы топырақтың есептеу кедергісі R былайша анықталады [3]:

$$R = 0.75 \alpha_1 (\alpha_1 \gamma_1' d + \alpha_2 \alpha_3 \gamma_1 h), \quad (2)$$

мұнда $\alpha_1, \alpha_2, \alpha_3, \alpha_4$ таутасты топырақтар үшін анықталатын өлшемсіз коэффициенттер; d – қаданың диаметрі; h – табиғи жер бедері есептелетін

қаданың төменгі ұшының орналасу тереңдігі, м; γ_1' – қада негізіндегі топырақтың меншікті салмағының есептеу мәні, кН/м³; γ_1 – қаданың төменгі ұшынан жоғары орналасқан топырақтың меншікті салмағының орташаланған есептеу мәні (қабаты бойынша), кН/м³.

Осы тұрақтылар келесі түрде табылады [3]:

$$\alpha_1 = 163; \alpha_2 = 260; \alpha_3 = 0.78; \alpha_4 = 0.22; d = 0.8 \text{ м}; h = 16 \text{ м}; \gamma_1' = 2.34 \text{ т/м}^3; \gamma_1 = 1.94 \text{ т}.$$

Тұрақтыларды (2) формуласына енгізу арқылы топырақтың есептеу кедергісі анықталады:

$$R = 0.75 \cdot 0.22 \cdot (163 \cdot 2.34 \cdot 0.8 + 260 \cdot 0.78 \cdot 1.94 \cdot 16) = 1089 \text{ т/м}^2.$$

Анықталған мәндерді (1) формулаға қою арқылы бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігі алынады:

$$F_d = 675 \text{ т} = 6750 \text{ кН}.$$

Есептеу жүктемесі былайша табылады:

$$N = \frac{F_d}{\gamma_k} = \frac{675}{1.2} = 562.5 \text{ т},$$

мұнда γ_k – көтеру қабілеттілігі есептеу арқылы анықталғандағы сенімділік коэффициенті.

Сонымен, есептеу бойынша анықталған бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігі 6750 кН тең болады.

(1) формуласының құрылымы топырақтағы қадалар жұмысының сипатын дәл анықтайды және қаданың төменгі ұшы мен бүйір бетіндегі топырақтың кедергісінің қосындысы түрінде есептеледі.

2. Бұрғыланып толтырылған қадаларды көтеру қабілеттілігіне далалық сынау

Іргетас құрылысы саласында қолданыстағы есептеу әдістерін қолдана отырып алынған нәтижелердің сенімділігінің төмендеу себептерінің бірі топырақтың есептеу сипаттамаларын анықтаудың дәстүрлі әдістемесі дәлдігінің жеткіліксіздігі болып табылады. Топырақтың зертханалық зерттеулерінің жоғары құны мен күрделілігі ұңғыма тереңдігі бойынша әрбір нүктесінде олардың есептеу сипаттамаларын бағалауға мүмкіндік бермейді. Мұндай талаптарды, табиғи жағдайда орналасқан, ұңғыма тереңдігінің кез келген нүктесінде топырақтың есептеу сипаттамалары туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуды қамтамасыз етуді статикалық зондтау арқылы жасауға болады. Сонымен қатар, осы әдістің жылдамдығы мен қарапайымдылығы, ұңғымаларды бұрғылау арқылы дәстүрлі әдістермен салыстырғанда өлшеудің әлдеқайда көп мөлшерін жасауға мүмкіндік береді. Тәжірибелік тиімділігі тұрғысынан статикалық зондтау ізденіс ұйымдары арасында сөзсіз танымалдылыққа ие болды.

Қадалы іргетастарды жобалау кезінде көтеру қабілеттілігін анықтаудың ең кең таралған және тиімді әдістерінің бірі статикалық зондтау болып


табылады (1-сурет) [5].

Бұрғыланып толтырылған қадалар туралы статикалық зондтау деректері бойынша есептеу әдістемесін нормативтік әдебиеттерден көруте болады. Осы ережеге сәйкес, зондтау нүктесінде бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігі келесі формула бойынша табылады [3]:

$$F_{du} = RA + u \sum \gamma_{cf} f_i h_i,$$

мұнда R – қаданың төменгі ұшындағы топырақтың есептеу кедергісі (кПа); A – қада бетінің ауданы, м²; u – қада ұңғысының көлденең қимасының периметрі, м; f_i – статикалық зондтау мәліметтері бойынша қаданың h_i есептеу бөлігінде анықталған, қаданың бүйір бетіндегі топырақтың есептеу кедергісінің орташа мәні (кПа); h_i – 2 м дейін қабылданатын топырақтың i -ші қабатының қалыңдығы; γ_{cf} – қаданы дайындау технологиясына байланысты қабылданған коэффициент: құрғақ бетондалған қада үшін 1-ге тең; су астында бетондалған кезде, сазды лай астында, сондай-ақ инвентарлық ұңғыма құбырларын пайдалану кезінде 0,7 тең.

Сонымен қатар, статикалық зондтау үлкен бөлшектерінің 25% 10 мм-ден аспайтын тоңданбаған және құмды-сазбалшықты топырақтарды сынау үшін пайдаланылады.



1 – бұрамалы қарнақтық қада; 2 – рама; 3 – зонд;
4, 5 – динамометрлер; 6 – домкрат; 7 – бағыттауыш
1-сурет – Статикалық зондтау кезінде зондты
батыру үлгісі

Ал 20 м тереңдікке дейін 40%-дан аспайтын ірі кесекті материалдарды қамтитын құмды-сазбалшықты жыныстарды зерттеу үшін динамикалық зондтау көзделген (2-сурет) [4].

Осы әдісті пайдалана отырып мынандай жұмыстар жасалады:


- жоғары дәлдікте (0.05 м дейін) динамикалық енуге кедергісімен ерекшеленетін жыныстардың қимасы қабаттарға бөлінеді;

- біртектіліктің дәрежесін құру, кейбір қасиеттер көрсеткіштерін және қадалардың тереңдігін анықтау.

Бірақ, қадалы іргетастарды жобалау тәжірибесі көрсеткендей, статикалық және динамикалық зондтау бойынша анықталған қадалардың көтеру қабілеттілігінің нәтижелері ҚР ҚН 5.01-03-2013 және ҚР ЕЖ 5.01-103-2013 сәйкес табылған есептеулерден орташа дәлдігі 25% жоғары болады.

Сондай-ақ, мемлекеттік стандартқа сәйкес қадаларды статикалық жүктемелермен далалық сынау қадалы іргетастар үшін бүйір беті мен төменгі ұшы астындағы кедергісін және қаданың шекті кедергісін бағалаудың ең сенімді әдістерінің бірі екендігін атап өтуге болады.

Бұрғыланып толтырылған қадаларды көпсалтылы-өспелі жүктемелермен статикалық сынау



1 – конустық ұшы; 2 – зондтың ұзартқышы;
3 – төс; 4 – балға; 5 – балғаны ұстау;
6 – балғаны көтеру биіктігінің шектегіші
2-сурет – Динамикалық зондтауды орнату үлгісі

әдістемесі [5] көрсетілген.

Қадалардың көтеру қабілеттілігі статикалық басатын жүктемелер әсер еткенде әрбір ғимараттар мен үймереттердегі қадаларға далалық сынақтар жүргізу арқылы анықталады. Құрылыста сыналатын қадалар саны техникалық тапсырма бойынша белгіленеді және статикалық сынақтары үшін екіден кем болмауы қажет.

Қадаларды статикалық сынаудың негізгі мақсаты болып табылады:

1) далалық сынақтарда уақыт бойынша сызқты өспелі статикалық жүктеме әсер еткендегі бұрғыланып толтырылған қаданың шөгуді зерттеу;

2) бұрғыланып толтырылған қаданың көтеру қабілеттілігін анықтау.

Қазіргі кезде өстік қысыммен жүктеме әсер еткендегі қадаларды статикалық сынаудың үш негізгі әдісі бар: сатылы-өспелі түрде жүктеме әсеріндегі сынақтар, тұрақты жүктеме әсер еткендегі сынақтар және теңдестіру әдістері.

Статикалық жүктемелер әсер еткенде далалық сынау нәтижелері бойынша F_d көтеру қабілеттілігі келесі формуламен анықталады:

$$F_d = \gamma_c \frac{F_{u,n}}{\gamma_g},$$

мұнда γ_c – басатын жүктеме әсер етуімен қабылданған жұмыс шартының коэффициенті ($\gamma_c = 1$); $F_{u,n}$ – қаданың шекті кедергісінің нормативтік мәні; γ_g – топырақтың сенімділік коэффициенті.

F_u жүктеме басатын қаданың шекті кедергісінің дербес мәні ретінде сыналатын қаданың шөгуді S -ге тең болатын жүктемені қабылдау қажет және шөгуді келесі формула бойынша анықталады:

$$S = \xi S_{u,mb}$$

мұнда ξ – шөгуді шартты тұрақтандыру арқылы статикалық сынақтармен алынған ғимараттың немесе үймереттің іргетастарының орташа шөгуді шамасының шекті мәнінен $S_{u,mb}$ қадалар шөгудіне өту коэффициенті, бұл коэффициент шамасы $\xi = 0.2$ болып қабылданады; $S_{u,mb}$ – ғимараттың немесе үймереттің іргетастарының орташа шөгуді шамасының шекті мәні.

Шақтамалы сенімділік коэффициентін ($\gamma_k = 1$) ескергендегі қадаға берілетін шақтамалы есептік жүктеме (N) былайша табылады:

$$N = \frac{F_d}{\gamma_k}.$$

Статикалық сынақтардың нәтижесі бойынша табылған қаданың көтеру қабілеттілігі шартты шөгудің негізінде анықталады. Тұрғызылған «жүктеме – шөгуді» графигі арқылы, қаданың көтеру қабілеттілігі ретінде қарастырылатын шөгуді сәйкес келетін жүктеме табылады.

Сондықтан, сатылы өспелі жүктеме әсеріндегі статикалық сынау әдістемесі біздің еліміздегі ең тиімді және кең тараған болып саналады.

3. Аналитикалық және далалық сынау мәліметтері бойынша анықталған қадалардың көтеру қабілеттілігін салыстыру

Нұр-Сұлтан қаласының кейбір аудандары бойынша қарастырылған материалдардан далалық сынақтар кезінде бұрғыланып толтырылған қадалардың көтеру қабілеттілігі құрылыс кезіндегі есептеу жүктемесінен 2 есе немесе одан артық екендігін көруге болады.

Қадалы іргетастарды жобалау кезінде анықтаудың негізгі өлшемі ретінде аналитикалық және тәжірибелік әдістермен табылатын қаданың ұзындығы мен көтеру қабілеттілігі қарастырылады. Қадалардың көтеру қабілеттілігінің сенімді мәндері далалық бақылау негізінде алынады. Әр түрлі әдістермен жасалынған қадалардың көтеру қабілеттілігін анықтаудың көптеген тәжірибелері далалық сынақтар кезінде алынған деректердің ең сенімді екендігін көрсетеді, ал есептеу нәтижелері әр түрлі дәрежелі дәлдікпен оларға жуық болады.


Осыған орай, қадалардың көтеру қабілеттілігін сенімді түрде анықтау және қымбат тұратын отандық сынақтарды жасау шығынын азайту үшін, жүргізілген сынақтар бойынша жинақталған материалды пайдаланып, аналитикалық және тәжірибелік әдістермен анықталған бұрғыланып толтырылған қадалардың көтеру қабілеттілігін компьютерлік өңдеу арқылы салыстыру жасалды.

Сонымен статикалық сынақтарды жүргізу кезінде қадалардың көтеру қабілеттілігінің сенімді нәтижелерін алуға болады. Бірақ, осы сынақтарды өткізуге жұмсалған шығындар жоғары болуы салдарынан, сыналатын қадаларының жобалық саны тоқсан сайын 2-4 қадалармен шектеледі.

Сондықтан, негіздің әр түрлі түрлерін ескере отырып, далалық бақылаудың негізіне сәйкес, көтеру қабілеттілігін нақты аналитикалық анықтау үшін K_d сенімділік коэффициентін енгізу ұсынылады. Бұл жағдай тұрғын үйлерді жаппай салу аудандарында салынатын аумақтарды мұқият инженерлік-геологиялық зерттеуді жүргізу кезінде тәжірибелі қадалардың сынақтарының саны жеткілікті болғанда қиындық тудырмайды. Бұл коэффициенттің жоғарылауының тәжірибелік құндылығы өте үлкен, өйткені ол қаданы қоршап тұрған топырақтың пайдаланылмаған көтеру қабілеттілігінің жасырын қосымша қорларын анықтау үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. K_d сенімділік коэффициентінің дұрыс тағайындалуы нормативтік кестелерді дайындау кезінде қолданылмаған көптеген факторларды ескеруге мүмкіндік береді, олардың ең маңыздысы: көлемдік салмақ, кеуектілік, ішкі үйкеліс бұрышы, меншікті ілініс күші және басқалары.

3-суретте және кестеде ҚР ЕЖ 5.01-103-2013 [6] бойынша табылған бұрғыланып толтырылған қадалардың есептеу мәндерімен статикалық сынақтардың мәндерін салыстыру негізінде, негіздер түрлерін ескере отырып, барлық сыналған қадалар үшін $K_d = F_d^p / F_d$ сенімділік коэффициенті келтірілген. Статикалық сынақ нәтижелері

Көтеру қабілеттілігін $K_d = F_d^b / F_d$ есептеудің сенімділік коэффициентінің мәні									
Негіздер түрлері		1	2	3	4	5	6	7	8
Сенімділік коэффициентінің мәні	$K_d(b)$	1,10	1,17	0,89	0,91	0,93	1,01	1,03	0,98
	$K_d(d)$	1,22	1,23	0,81	0,85	0,91	1,00	1,02	1,03
Сыналған қадалар саны	$S(b)$	60	6	45	69	9	5	5	6
	$S(d)$	103	14	64	184	91	34	26	13



3-сурет – Негіздердің түрлерін ескере отырып ҚР ЕЖ 5.01-103-2013 бойынша есептеу шамаларымен статикалық сынақтардың мәндерін салыстыру негізіндегі K_d сенімділік коэффициенттерінің мәндері

мен аналитикалық әдістер бойынша анықталған бұрғыланып толтырылған қадалардың көтеру қабілеттілігінің есептеу мәндері салыстырылды және осы әдістердің алшақтығы анықталды.

